

**11. Шетел тілін оқыту
теориясы мен практикасын
дамытудағы индуктивтік-
дедуктивтік зерттеулер
мағынасы**

**12. Қазіргі кезеңдегі шеттілдік
білім беру әдіснамасының
ұстанымдары**

**13. Ғылымдағы танымдық
әрекеттің нәтижелері**

Шетел тілін оқыту теориясы мен практикасын дамытудағы индуктивтік-дедуктивтік зерттеулер мағынасы

Ғылыми әдіс — жалпы ғылыми аясындағы қолданылатын әдістердің жиынтығы. Осыған қоса әрбір ғылым саласы тек қана арнаулы объектіге ғана емес, сол объектіге сәйкес арнаулы әдіске де ие болады.

Ғылыми таным эмпириялық және теориялық деңгейлерге бөлінеді.



Танымның эмпириялық деңгейінің әдістері:
Бақылау, суреттеу, өлшеу, тәжірибе жасау

Танымның жалпы логикалық әдістері:
Формаландыру, аксиомаландыру, гипотетикалық, анализ, синтез, индукция, дедукция

Индукция -

ойдың жалқыдан
жалпыға қарай
бағытталуы.

Жеке қорытулар
негізінде жалпы
тұжырым
жасауға
мүмкіндік беретін
зертеу мен
талқылау әдісі;

Дедукция

кері бағытта, ойдың
жалпыдан жалқыға
қарай бағытталуын
сипаттайды. Қолда бар
фактілерді пайдаланып
логикалық шешім
шығаруға арналған әдісі.

12. Қазіргі кезеңдегі шеттілдік білім беру әдіснамасының ұстанымдары

Шеттілдік білім беру ғылыми таным ұстанымдарының мақсатына және өзін өзі дамыту ұстанымдарының мақсатына және өзін өзі дамытуға сәйкестігі

- оның әдістамасының когнитивтік лингвомәдени ғылымының жалпы теориясы шеңберінде гносеологияға таным теориясы бағытталуында болады
 - Шеттілдік білім берудің когнитивтік лингвомәдени әдіснамасында таным теориясының негізгі ұстанымдарының көрініс табуында болды
- Детерминизм ұстанымы ғылыми білімді іздеу мен табу объективтік шынайылықпен сәйсектендіріледі

Сәйкестендіру ұстанымы ғылыми білімнің алдыңғы жүйемен байланысы мен бірізділігі

Толықтыру ұстанымы зерттеліп отырған нысанның оны танушы субъектпен байланысы

Шеттілдік білім берудің когнитивтік лингвомәдени әдіснамасында таным теориясының негізгі ұстанымдарының көрініс табуында

Мәдениетаралық қатысымның әрекеттік теориясы шет тілін оқытудың қазіргі және әдістемелік тұрғыдан тұжырымдамасы ретінде әдістер, технологиялар, шетел тілі мазмұнының пәніндік процессуалдық аспектісі арқылы әдістемелік жүйе шеңберінде бірге және кешенді түрде жүзеге асатын қатсымдық, когнитивтік, концептуалдық, лингвомәдени, әлеуметтік мәдени, жеке тұлғаға бағытталған әдіснамалық ұстанымдар жиынтығының бейнесіне бағдарланады.

Қазіргі кезде шетелдік білім беру тұжырымдамасын жүзеге асыруда және оқыту стратегиясымен тактикасын анықтауда өзіндік әдістемелік ұстанымдар қажет. Бұл ұстанымдар шетел тілі пәнінің мазмұнын іріктеп құрастыруда және қазіргі шетел тілін оқыту үрдісін үлгілеуде , мәдениетаралық қатысымдық компетенциялардың мақсаттарын біз анықтаған өзіндік әдістемелік ұстанымдар арқылы жүзеге асыруда қажет, олар

Дискурстық ұстанымы

Қарым қатынас пәнін прагматикалық тұрғыдан негіздеу ұстанымы

Шетел тілінің мазмұныны вариативтік тұрғыдан ерекшелену ұстанымы

Интегративтік ұстанымы

Пән мазмұнының аутенттігі ұстанымы

Проблемелық ұстанымы

Жағдаяттық ұстанымы

13. Ғылымдағы танымдық әрекеттің нәтижелері

Зерттеу құралдарына түрлі процедуралар, әдістер, тәсілдер, методикалар, жүйелер мен методологиялар кіреді.

Ғылыми танымның нәтижелері түсініктерді қалыптастырумен аяқталады. Ғылымның түсініктілігі бір-бірімен тығыз байланысты аксиомалар, теоремалар мен тұжырымдардың қатаң логикалық құрылысымен түсіндіріледі. Түсініктер көп жақты құрылымға біріктірілген.

Теория – бұл түсініктің кеңейтілген түрі. Кез келген ғылыми теория – Евклидтің не Н.И.Лобачевскийдің геометриясы, кванттық механика, не қазіргі заманғы космогония - түсініктердің қалыптасуының мысалы бола алады. Түсініктердің қалыптасуы - үздіксіз жүретін күрделі үрдіс. Әрбір ғылым белгілі бір заңдылықтарға

□ **Ғылым** кумулятивті үрдіс деп аталатын тек қана фактілердің жай жиынтығы емес. Фактілерді әдетте гипотеза мен теориялар арқылы түсіндіруге тырысады. Олардың ішінде белгілі бір кезеңде парадигмаға айналатын жалпыға ортақ немесе фундаменталды теория болады. Кезінде осындай парадигма ретінде Ньютонның аспан және жер денелерінің қозғалыс теориясы қарастырылды, өйткені, бұл теорияға нақты механикалық процестерді зерттеуші дерлік ғалымдар сүйенді. Дәл осылай, электрлік, магниттік, оптикалық және радиотолқындық процестерді зерттеуші барлық ғалымдар Д.К.Максвелл жасаған электромагниттік теорияның парадигмасына сүйенді.

□ Ғылыми революцияларды талдау үшін, ғылымға парадигма түсінігін енгізген америкалық ғалым **Томас Кун (1922-1996 ж.)** олардың ерекшелігін – бұрынғы парадигманың жаңа парадигмаға ауысуы, яғни зерттеліп отырған процестердің жаңа, терең және күрделі түріне ауысуын көрсетіп кеткен. Оның пікірі бойынша ғылымның дамуын екі кезеңге бөлуге болады:

- қалыпты кезең, бұл кезде ғалымдар парадигманы жеке, арнаулы сипаттағы мәселелерді шешуге пайдаланаған;
- экстраординарлық кезең - жаңа парадигманы іздеу кезеңі.